



ҰЛТ БОЛМЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАТРИОТТЫҚ, ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

Директор және бас редактор:
Гүлжанар АМАНТАЙҚЫЗЫ

Тілшілер:
Қуан ЖОМАРТ
(Келісім бойынша)

Ерғали ТҰРСЫНБАЕВ
(Келісім бойынша)

Көркемдеп суреттеуші:
Алиби ИЗЕКЕНОВ
(Келісім бойынша)

Фототілші:
Ардақ ТӨЛЕУБАЙ
(Келісім бойынша)

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
Бақытбек СМАҒҰЛ –
ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты,
Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарының
«ҚАЗАҚСТАН АРДАГЕРЛЕРІ» қауымдастығының төрағасы

Райхан ИМАХАНБЕТ –
Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің директоры,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

Алтынхан СЫДЫҚОВА –
Білім беру ісінің үздігі,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және
Ақпарат министрлігінде
10.10. 2011 ж. тіркеліп
№ 12022-Ж қуәлігі берілді.
Меншікті иесі: ЖК Амантай Г.

Журнал айына 1 рет шығады.
Таралымы: 5000 дана
Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Мақала авторының көзқарасы редакция көзқарасы болып есептелмейді. Журналға жарияланған мақалаларды көшіріп
басуға тыйым салынады. Көшірілген жағдайда сілтеме берілуі тиіс.

Редакция мекенжайы:
Алматы қаласы, Мұратбаев көшесі 23 үй, 407 кеңсе.
Телефон: +7 775 565 57 62
+7 775 302 86 71
Офис: +7 (727) 220 96 66
E-mail : gulzhanaramantai@mail.ru,
eltutka@mail.ru
Сайт : ultbolmisy.kz

Журнал "ART DO" баспаханасында басылды. Алматы қаласы, Натаров көшесі, 95
Тел. +7 727 328 41 11

АЛАШТЫҢ РАЙХАНЫ

Қазақтың қарапайым әрі қайсар қызы Райхан Сахыбекқызы туралы сөз етудің орайы енді келгендей, көктемнің шуақты күнінде жарық дүниеге есігін ашқан ол, наурыздың тоғызы күні елу деген әлемнің табалдырығын аттамақ. Талай жылдан бірге жүрген әріптесім әрі замандасым, қасында жақын жүрген құрбысы ретінде жазар естелігімде мынадай мәселелерге нақты тоқталғанды жөн көрдім. Оның ең бастысы – Райханның соңғы жиырма-жиырма бес жыл көлемінде Алаш мұрасын зерттеумен, насихаттаумен, оның ішінде ахметтану мәселесімен тыңғылықты айналысуы, тұлғатану төңірегіндегі тынымсыз тірлігі мен табанды еңбегі!

Үстіміздегі жылы Алашорда мен Алаш партиясының 100 жылдығы, Ахмет Байтұрсынұлының 145 жылдығы аталып өткелі отыр. Осы айтулы датаны елдің алдымен еске алып, ертерек камданып республикалық деңгейде атап өту керектігін үкіметке жеткізушілердің бірі де өзі. Мемлекет және қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлының туған мезгілі талай жылдардан бері көптеген еңбектер мен зерттеулерде «1870 жылдың 18 қаңтары немесе 1873 жылдың 28 қаңтары» деген сықылды әркелкі көрсетіліп келгені мәлім. Алайда, соңғы жылдарда Райхан Сахыбекқызының ыждағаттылығының арқасында тарихи тұлға Ахметтің өз қолымен жазылған өмірдеректері мен сауалнамаларына сүйене бастадық. Осылайша ағартушы ғалымның шын мәнінде, «1872 жылдың 5 қыркүйегінде өмірге келгенін білдік». Бүгінгі таңда ахметтанудың белгісіз беттері тың деректермен толығып, қайраткердің қилы өмір жолымен Райханның «Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде)» атты зерттеу кітабынан оқып таныстық, тұлға тарихының тың қырларымен қанықтық.

Екіншіден, біз Райханды Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлы мұражай - үйінің директоры ретінде білеміз, бірақ мұражайдың қалыптасу тарихында қандай жолдардан өткенін көпшілік біле бермейді. Мұражай 1993 жылы ресми ашылғанда еліміз тәуелсіздігін жаңа алған, экономикалық жағдайымыздың тұралаған шағы болатын. 1994 жылдың 25 қарашасында ҚР Әділет министрлігі Алматы қалалық Әділет басқармасына Ахмет Байтұрсынов атындағы қоғамдық қор ретінде тіркелгендіктен, үкіметтің қарауына көшпеді... 1998 жылы Байтұрсынұлының 125 жылдық мерейтойы қарсаңында жұмысы дұрыс жүйеге енген мұражайға күрделі жөндеу мемлекет тарапынан жедел жүргізілді. Алайда, үкіметтен бөлінген 9 миллион ақшаның не ауызсуға, не жылу жүйесіне, не сыртын қоршауға жетпей қалғанына..., ешкім де аса бас қатырып жатпады. Үкімет қоғамдық қорға сенді, қоғамдық қордың алғашқы құрылтайшысы әрі жетекшісі Кәкішев Самырат Мәшенұлы Ахаң арналған салтанатты жиыннан бір жыл бұрын, ал Ахаңның қызы әрі заңды мұрагері Шолпан Байсалова апай төрт жыл бұрын бақилық болған-ды. Ия, бұл кісілердің ұрпақтары өз тірліктеріндегі қам-қаракеттен артылып, мұражайға білек сыбанып, белсенді жәрдем жасағандарын естімепіз. Тек, Ахаң арналған іс-шараларда жиені Айман Қабиденқызы Байсалова, жиеншарлары: Самат Ғалымжанұлы Бектемісов, Меруерт Бәкібайқызы Тыныбекова, немерелес шөберелері: Шынболат Назарұлы Әміров пен Юлия Серікқызы Байтұрсынова, аталас туысы Амандық пен Орал Шаймерденовтердің отбастарын құрметті қонақ ретінде көрсек, қоғамдық қор басшысы Кәкішев Сергей Самыратовичтің (бұл кісі кейіндеу аты-жөнін Байтұрсынов Серік Самыратұлы деп өзгерткен) атына қанық болғанымызбен өзін кездестірудің сәті түспепті.

«Жыламаған балаға емшек жоқ» деп бабаларымыз бекер айтпаған ғой! Райханды «осы мұражайдың тірлігі үшін тырбанумен келе жатқан директор» деп айтуға болады. Олай дейтініміз: «Ғалымның 125 жылдық мерейтойы қарсаңында 1998 жылғы күрделі жөндеуден өтті» деп есепке кірген мұражай алты ай қыста жылу, тіпті ауызсу көрмеген, бірақ мемлекеттік маңызы бар тарихи ескерткіш ретінде нысандар тізіміне енген мекеме! «Жыртық үйдің құдайы бар» дейтін қазақ айтқыш қой, 2005 жылы мұражай-үйдің қалқайып тұрғанын көп көретіндердің қатары көбейіп, әне «жабылғалы жатыр, міне сүрілгелі жатыр» деген алашапқын сөз өрбігенде, «жарғақ құлағы жастыққа тимеген де» осы – Райхан болатын! Райханның жанайқайымен бұл жәйтке белгілі әдебиеттанушы ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы араласып, араша сұрауының арқасында, сол кездегі Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов көмек қолын созды. Сегіз айға созылған құрылыс жұмысын тікелей қадағалауының нәтижесінде «ауызсу да кірді, жылу да берілді, сырты да қоршалды». Осы істерде Райхан Сахыбекқызы күні-түні жалғыз өзі жүгірумен болды, олай дейтініміз қоғамдық қорға қарайтын мұражай қарамағында ғылыми қызметкерлер болған емес! Себебі, айлық төлемейтін мекемеге кім тұрақтасын?! Осының бәріне «уақытша қиындықтар» деп қарап, ыстық-суығына төзген Райхан замандасымыз өзінің бар жалынды күндерін Ахаңның шығармашылық мұрасына ғана арнап қойған жоқ, қарулы ер азамат атқарар қыруар шаруашылық жұмыстарын да қаранардай көтеріп-ақ келеді. Ең өкініштісі, Райханның осыншама жылғы жанкешті тірлігін түсінгісі келмей, сыртынан күңкілдейтіндер де арамызда жетерлік!

Мұражай-үйдің «жыры» мұнымен де бітпеді. Жыл сайын, ай сайын басына қара бұлт үйіріліп коммуналдық қызметінің төлемдерін өтей алмайтын мүшкіл күйді де басынан өткерді. Осындай қысыл-таяң күндердің бірінде мемлекеттік грант негізінде 2009-2010 жыл-

дары ҚР Мәдениет министрлігі тарапынан «Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасын насихаттауда кешенді шараларды ұйымдастыру» жобасы аясында үйді ұстаудың «жиналып қалған жылдық қарызын» әуірімдеп жүріп жапты. Академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевтің теңтөралығымен «Ұлағатты ұлт ұстазы» атты анықтамалық-көрсеткішті Райханның бір өзі құрастырып жарыққа шығарды. Жобаға қатысушылардың көбі мұражай ахуалымен жақсы таныс болғандықтан, бірауыздан «қаламақыларын» өз еркімен мұражайдың түрлі коммуналдық шығынын жабуға берді. Мұнан бөлек, осы жоба негізінде «Ұлт ұстазы» атты 32 минуттық деректі фильм түсіруге мамандар жұмылдыра білді, айналасы 6-7 айда бұл фильм көрерменге ұсынылды. Осының барлығына ұйытқы болып, өзінің негізгі кәсібі оқытушылығымен қатар, үйлестіре білген замандасымыздың еңбекқорлығы мен табандылығына тәнтіміз.

Сонымен бірге, мұражай директоры Р.Сахыбекқызының ауыз толтырып алғыс айтар ел азаматтары да жетерлік. Атап айтсақ, қоғам әрі мемлекеттік қайраткерлер: И.Тасмағамбетов, К.Мәсімов, Г.Әбдіхалықова, Б.Байбек, Ж.Естенов, Ғ.Өтелбайұлы мұражай шаруашылығына; ғалым әрі лауазым иелері: К.Сағадиев, Р.Алшанов, Ғ.Мұтанов тәрізді ел азаматтары ахметтануға қолдауларын әрдайым көрсетіп келеді. Мәселен, Р.Алшанов А.Байтұрсынұлы атындағы алтын, күміс, қола медальдарды оқу-ағарту саласында ұзақ жылдар еңбек етіп келе жатқан мамандарға және ұжымдық еңбектерге беруді дәстүрге айналдырып, ахметтануды насихаттаудың өзіндік жолын қалыптастырды.

Мұражай жөнінде композитор Бакытжан Байқадамовтың қарындасы, тіл жанашыры бұл күні тоқсанның үстіндегі Күнімжан апамыз былай: «Никольский шіркеуі жанындағы азық-түлік, көкініс сауда базарына үнемі көлікпен барып-келіп жүретінмін. Бір күні қасымда Сұлтанбек деген немерем бар екеуміз жаяулатып, осы А.Байтұрсынұлы көшесімен көтеріліп келе жатсақ, баяғыда Ахмет атаны іздеп келген үйім, сән

түзеп жарқырап қалыпты. Көптен бері қараусыз қалып, әбден тозығы жеткен үйдің жөндеуден өтіп жарқырап шыға келгеніне таңқалдым да, үйге бұрылдым. Келсем баяғы біз кірген бөлмеден адам дауысы естіледі, солай қарай бұрылғанымда, өні Ахметтің қызы Шолпаннан аумайтын егделеу әйел шыға келді. Қуанғаным-ай, үйден Бадрисафа апа шығып келе жатқандай болды. Ол мені көрген бойы «Байқадамовасыз ғой» деді. Сірә, мені Төкеме ұқсатса керек. Бір-бірімізді жыға танымасақ та қауқылдасып жатырмыз...» деп естелігінде жазған еді. Күнімжан апа осылай Ахаңның жиені Айман Байсалома және ахметтанушы Райхан Сахыбекқызын осы үйде жолықтырып, жақын танысқан екен. Күнімжан апаның Төкем деп отырғаны – Данабике Қаралдина «Мен білетін Әуезов», «Алма ағаштар гүлдегенде» кітаптарының авторы, қазақтан шыққан тұңғыш стенографистка.

«Бұл күндері мұражайға бара қалсаңыз, атамыз Ахметтің портреті бірінші залдың қақ төрінде «мұңдалап», кісіні шақырып тұрады. Мен сол бейнеге қараған сайын, Ахмет атаның өзін көргендей әсерге бөленемін. Өйткені, ол кісіні алғаш көргенде тура осылай киініп отырған еді... Көзіндегі көзілдірігі де сол баяғы қалпында. Әлі күнге көз алдымда сол көзілдірігін «бір киіп, бір шешіп» әбігерге түскенде, жылтыраған көзілдірікке қызықтап қарап отырғанмын» деп, өткенді есіне түсірген еді Күнімжан апа. «Қазіргінің министрлеріндей киінген қандай мәдениетті, келбетті жан деп жүрсем, шынында да Ахмет ата қазақ елінің тұңғыш білім министрі болған екен ғой. Ол кезде оны Наркомпрос (Халық ағарту комитеті) деп айтатын» дейтін К.Байқадамова.

Иә, Күнімжан апаның бүгінде тағылым мектебіне айналған мұражаймен тығыз байланысы бар. Үйіне жақын болғандықтан ғана емес, «осында келсем, ауру-сырқаудан құлан таза айығып, көңілім сергіп, сарайым кеніп сала береді» дейтін апа. Жылсайын 5 қыркүйекте «Ахметтану оқуларына» жиналған қауымның ішінде болып, күллі Алаш арыстарының рухына тағзым етеді. Ахаң үйіндегі тағылымды кездесулер апамызға шығармашылық шабыт сыйлағанын, «Байқадамовтар әулеті» атты кітабының жазылуын былайша еске алады: «Қазақтың сауатын ашуды мақсат еткен Ахаңның әруағы мені де түрткілеп, әулетіміз бен оның маңайы туралы көргендерім мен түйгендерімді жазуға себеп болды. Тіпті, қолтығымнан демеп күш берді деп айтсам әсірелік емес, шынында солай...» дейді кейуана.

Үшіншіден, Райханды қазақ тілінің жанашыры ретінде білемін. Осыдан оншақты жыл бұрын Халықаралық бизнес университетінде орыстілді топтарға Қазақ тілі пәнінен бірге сабақ бердік. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде тіл білімі ғылымындағы тиімді әдіс-тәсілдерді еркін меңгерген Р.Сахыбекқызы өз ісінің шебері. Қазақ тілі пәнінің ғана емес, жалпы, Тілдер кафедрасының оқытушыларына А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымына сіңірген еңбегін насихаттаудан әсте жалыққан емес. Тек қана салтанатты жиындар мен ғылыми-практикалық конференцияларда ғана баяндама жасап қоймай, сол айтқандарын күнделікті тәжірибеде жүзеге асыруға бар күш-жігерін салды. Соның арқасында студенттер-



Алаш ұрпақтары Айман Байсалома және Күнімжан Байқадамовалармен бірге. 2013 жыл.

алып,
сырап
елсем
солай
аннан
м-ай,
ы. Ол
мені
сақ та
н еді.
байса-
н осы
імжан
лдина
енде»
стено-

ата-
рінде
йнеге
серге
тура
дірігі
а сол
кенде,
мын»
ргінің
бетті
елінің
е оны
атын»

тебіне
Үйіне
ауру-
райым
йекте
шінде
ғзым
мызға
овтар
е ала-
нның
аңайы
себеп
йтсам

етінде
ралық
к тілі
казак
әдіс-
ісінің
ілдер
ының
ірген
қана
кон-
сол
руға
ттер-

мен бірге оқытушылардың да Ахаң туралы білімдері толығып, ғалымның казак ұлттық ғылымына сіңірген еңбектері жөнінде бір кісідей білетін болды.

Жоғары оқуға енді түскен I курс студенттерін міндетті түрде мұражайға апаратынбыз. Мұражайға келушілер Ахаңның өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат алып қайтатын. Мұражай экспонаттарын таныстыруда Райханның жалаң баяндап, қысқа қайырғанын көрмеппіз. Келушілерден түсетін тиын-тебеннің коммуналдық қызметтің бір шетін де жаба алмайтынын көрген біздер, қала мектептері мен ЖОО-да жұмыс істейтін әріптестерімізге «мұражайға барыңыздар» деп айта жүретінбіз.

Иығына қаншама ауыр жүк арқалағанымен, Райхан – жаны нәзік әйел затынан ғой. Мұражайдың бірде жылу құбыры жарылып, енді бірде су құбыры қатып қалып «сусыз, жылусыз» отыратын сәттері де аз емес еді. Осындай қиын күндерде өзіне бір ғана жұбаныш табады. Ол – Шолпан апасының қасында болып, әңгімесін тыңдап тәлімін алғанына, апасының аманатын адал аткарып жүргені дәтке қуат. Қазақта: «Аманатқа қиянат жүрмейді» деген аталы сөз бар емес пе! Сол аманатқа қиянат жасамау жолында көп жағдайда өз еңбекақысын отбасылық қордан жырып коммуналдық қызметті төлеп жүргеніне де куә болдық. Мұның барлығы үйіндегі отағасы Қайдар ағайдың Ахметтің елінен, жерінен болғандығы, әрі Алаш ақиықтарына деген оң көзқарасының арқасында іске асып жатқаны белгілі. Иә, жұмыс барысында тауы шағылып, тығырыққа тірелген күндерінде сүйеу болып, ақыл-кеңесін айтып отыратын Қайдекең Райханның үйдегі ғана емес, түздегі де қорғаны екені баршаға аян.

Алаш азаматтарының бірегейі – Тұрсынбек Кәкішұлы ағамыз көзі тірісінде Райханды «Ахаң мұражайының шырақшысы» десе, Райхан Тұрсекеңді «Рухани әкем әрі мұражайдың қорғаушы абызы» деп арқа тұтатын.



Жазушы Тұрсын Жұртбай мен жапон ғалымы, міржақыптанушы Уяма Томохико музейде. 2017 жыл.

Ал қаламы қарымды жазушы, әрі әдебиеттанушы ғалым Тұрсын Жұртбай «Алаштың Райханы» деп еркелететінін де көзіміз көрді.

Біз Қайдар ағамыз бен Райхан құрбымыздың ынтымағы жарасып, Ахаңның көзіндей болған қарашаңыраққа, бұл күні тағылым үйіне айналған ел игілігі, рухани асыл қазынаға қамқор болып, мұражай жұмыстарын ілгері дамытып, бұқараның алғысына бөленуіне тілектеспіз.

Гүлжаһан ОРДА,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы



Ахаң дүниеге келген Байтұрсын қыстауының орны. 1998 жыл.